

## Шымкент қаласының көшелеріне атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 28/270-4с Шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 1917 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қаңтарда N 14-1-107 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13-бабы 4 тармағына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Шымкент қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Шымкент қаласының атаулары жоқ көшелеріне:

Абай ауданы Самал-3 шағынауданының атауы жоқ көшесіне **Әбіләкім Әбдрамановтың** ;

Еңбекші ауданы Нұртас шағынауданының атауы жоқ көшесіне **Тәліп Тайбековтің есімдері** ;

Абай ауданы Агропром шағынауданының атауы жоқ көшесіне **Ақ Баян**;  
Абай ауданы Самал-1 шағынауданының атауы жоқ көшесіне **Жас Ел деген атаулар берілсін** .

2. Осы бірлескен шешім мен қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,*

*қалалық мәслихат хатшысы*  
*Шымкент қаласының әкімі*

*Ж.Мақашов*  
*А.Жетпісбаев*